

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті

2011 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша
«Қаржы нарығындағы жағдай туралы
(Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын
бақылау мен қадағалау комитетінің ақпараты
бойынша)» № 262 баспасөз – релизі

Қазақстан Республикасының банк секторы 2-
бетте




Қазақстан Республикасының сақтандыру
нарығы 5-бетте

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі 7-бетте

Бағалы қағаздар нарығы 9-бетте

Банк операцияларының жекелеген түрлерін
жүзеге асыратын ұйымдар 10-бетте

Қаржылық қызмет көрсетуді тұтынушылардың
мүдделерін қорғау 11-бетте



* - Меншікті капитал Пруденциалдық нормативтер туралы ережеге сәйкес есептелді

**2011 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша
Қазақстан Республикасының қаржы нарығының негізгі көрсеткіштері**

Атауы	(млрд. тенге)			
	Банк секторы	Жинақтаушы зейнетақы қорлары	Сақтандыру секторы	Ипотечалық ұйымдар
Жиынтық активтер	13 015,9	92,3	364,0	102,3
Жиынтық міндеттемелер	11 624,9	7,3	136,8	79,8
Меншікті капитал	1 391,0	85,0	227,2	22,5

БАНК СЕКТОРЫ (алдын ала деректер бойынша)

2011 жылғы қарашадағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының банк секторы 38 екінші деңгейдегі банктер ұсынған.

1 қарашадағы жағдай бойынша банктердің жиынтық активтері қазанда 19,1 млрд.теңгеге немесе 0,1%-ға азайып 13 015,9 млрд.теңге болды.

1 қарашадағы банк секторының жиынтық есептік меншікті капиталы бір айда 5,0 млрд.теңгеге немесе 0,3%-ға азайып, 1 941,4 млрд. теңге болды.

Шетел валютасында номинирленген активтер жиынтық активтерінің 36,3% немесе 4 720,4 млрд. теңге болды.





1 қарашадағы жағдай бойынша банктердің несие портфелі (банкаралық заемдарды есептегенде) қазанда 1,1 млрд.теңгеге өсіп, 10 096,4 млрд.теңге болды. 1 қарашадағы жағдай бойынша шетел валютасында берілген заемдар жиынтық несие портфелінің 45,3% немесе 4 576,0 млрд. теңге болды.

1 қарашадағы жағдай бойынша банктердің кредиттік портфелінің құрылымында стандартты кредиттердің үлесі 25,0%, күмәнді – 52,4%, үмітсіз – 22,6% болды. (1.10.2011ж. стандартты кредиттердің үлесі - 25,3%, күмәнді – 52,5%, үмітсіз – 22,2%).

5-санаттағы күмәнді және үмітсіз заемдарға жататын кредиттер сомасы (бірыңғай кредиттер бойынша провизияларды ескере отырып)² жиынтық несие портфелінің 3 758,0 млрд. теңге немесе 37,2% болды, осы көрсеткіштің өсуі 67,0 млрд.теңге немесе 1,8% болды.

Ағымдағы жылғы 1 қарашадағы төлемдер бойынша 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар заемдар бір айда 193,7 млрд.теңгеге немесе 6,5%-ға өсіп, банктердің несие портфелінің 3 167,5 млрд.теңге немесе 31,4% болды.

1 қарашадағы жағдай бойынша заемдар бойынша провизиялар (резервтер) көлемі 3 352,2 млрд. теңге немесе кредиттік портфелінің 33,2% болды.



² Бірыңғай кредиттердің портфелі бойынша жұмыс істемейтін заемдар нақты құрылған провизиялар сомасы ретінде есептеледі.

1 қарашадағы жағдай бойынша банк секторының жиынтық міндеттемелері қазанда 0,2 млрд.теңгеге өсіп, 11 624,9 млрд. теңге болды. Оның ішінде ҚР резидент еместері алдындағы міндеттемелері бір айда 16,2 млрд. теңгеге немесе 0,7%-ға азайып, 2 376,5 млрд. теңге болды. ҚР резидент еместері алдындағы міндеттемелердің үлесі ағымдағы жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша жиынтық міндеттемелерінің 20,4% болды (1.01.2011 жылы осы көрсеткіш 23,9%-ды құрады).

Шетел валютасында номинирленген міндеттемелер ЕДБ жиынтық міндеттемелерінің 43,2% немесе 5 026,5 млрд. теңге болды.

2011 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша өтелгенге дейін қалған төлем мерзімдері бойынша ЕДБ ҚР резидент еместері алдындағы міндеттемелері

		млрд. теңге	
Атауы		Сом	Сума
талап ету бойынша			150,7
1 айға дейін			73,9
1 айдан бастап 3 айға дейін			48,2
3 айдан бастап 6 айға дейін			153,2
6 айдан бастап 1 жылға дейін			119,9
1 жылдан бастап 2 жылға дейін			250,2
2 жылдан бастап 3 жылға дейін			212,6
3 жылдан бастап 5 жылға дейін			164,4
5 жылдан астам			1 133,6
Қаржылық емес міндеттемелер			69,7
ҚР резидент еместері алдындағы міндеттемелер			2 376,5

Екінші деңгейдегі банктерде орналастырылған салымдар

Атауы	(млрд. теңге)					
	01.10.2011		01.11.2011		Өзгеруі, %	
	Барлығы	оның ішінде шетел валютасында	Барлығы	Барлығы	оның ішінде шетел валютасында	
Клиенттердің салымдары, оның ішінде:	7 847,4	2 750,2	7 914,7	2 840,5	0,9	3,3
занды тұлғалардың	5 238,0	1 653,9	5 280,3	1 696,1	0,8	2,6
жеке тұлғалардың	2 609,5	1 096,3	2 634,4	1 144,4	1,0	4,4
Арнайы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдары	1,8	1,8	1,8	1,8	0,0	0,0

1 қарашадағы жағдай бойынша банктердің жиынтық активтеріне қатысты жоғары өтімді активтерінің үлесі 22,6%-ды құрады.

2011 жылғы 1 қарашада екінші деңгейдегі банктер кірістерінің жиынтық сомасы 3 792,9 млрд. теңгені құрады. Шығыстар сомасы – 3 789,5 млрд. теңге (есепті күнде болған 15,7 млрд. теңге табыс салығын есептемегенде). 1 қарашада банктердің шығыны – 12,3 млрд. теңгені құрады.

Банк заңнамасын бұзғаны үшін қазанда банктерге 11 міндеттеме хат, 2 жазбаша ұйғарым, 6 жазбаша ескерту шығарылды және 1 жазбаша келісім жасалды.

2011 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша сот шешімі бойынша мәжбүрлеп тарату процесінде 2 банк тұр ("Валют-Транзит Банкі" АҚ және "Қазақстан Наурыз Банкі" АҚ).

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк Басқармасының 2011 жылғы 29 қарашадағы № 179 қаулысына сәйкес «Кредит Алтын Банк» АҚ ұлттық және шетел валютасында банктік және өзге операцияларды жүргізуге берілген 2010 жылғы 21 қыркүйектегі № 1.1.262 лицензиясынан айырылды.

САҚТАНДЫРУ НАРЫҒЫ

2011 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша берілген лицензияларға сәйкес республиканың қаржы нарығында 38 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жұмыс істейді, сонымен өмірді сақтандыру бойынша қызметті жүзеге асыратын лицензиясы 7 ұйымда бар, АҚЖ көлік құралдары иелерінің міндетті сақтандыру бойынша – 26 ұйымда бар. Сондай-ақ сақтандыру қызмет көрсету нарығында 14 сақтандыру брокерлер және 83 актуарийлер өз қызметін жүзеге асырады.

2011 жылғы 10 айда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының жиынтық активтері 6,1%-ға өсіп, 1 қарашада 364,0 млрд. теңге болды. Жиынтық меншікті капитал 8,9%-ға өсіп және 227,2 млрд. теңге болды. Сақтандыру резервтерінің сомасы 120,2 млрд.теңге болды.

1 қарашадағы жағдай бойынша тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақының көлемі 140,9 млрд.теңге болды, бұл 2010 жылғы ұқсас көрсеткіштен 23,6%-ға көп. Оның ішінде міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 37,2 млрд. теңге (өткен жылғы ұқсас күнімен салыстырғанда 21,6%-ға өсуі), ерікті жеке сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақылары 42,3 млрд. теңге (өткен жылғы ұқсас күнімен салыстырғанда 50,0%-ға өсуі), ерікті мүліктік сақтандыру бойынша – 61,4 млрд. теңге (өткен жылғы ұқсас күнімен салыстырғанда 11,2%-ға өсуі).


«Өмірді сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 1 қарашада 22,4 млрд. теңге (1.11.2010ж. жағдай бойынша – 14,2 млрд.теңге), ал тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылданған жиынтық сақтандыру сыйлықақыларындағы өмірді сақтандыру үлесі (2010 жылғы 1 қарашада 12,5% болды) 15,9% болды.

1 қарашадағы жағдай бойынша қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 51,3 млрд. теңге немесе сақтандыру сыйлықақыларының жалпы көлемінің 36,4% болды, бұл ретте ҚР резидент еместеріне сақтандыру сыйлықақыларының жалпы көлемінің 28,7% қайта сақтандыруға берілді (2010ж. 1 қарашадағы ҚР резидент еместеріне қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының үлесі 37,9%).


2011 жылғы 10 айда тікелей сақтандыру шарттары бойынша жасалған сақтандыру төлемдерінің көлемі 34,4 млрд.теңге болды, бұл өткен жылдың көрсеткішінен 64,6% көп. Оның ішінде міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру төлемдерінің көлемі 9,4 млрд. теңге (өткен жылғы ұқсас күнімен салыстырғанда 17,5%-ға өсуі), ерікті жеке сақтандыру бойынша – 17,2 млрд. теңге (өткен жылғы ұқсас күнімен салыстырғанда 62,3%-ға өсуі) және ерікті мүліктік сақтандыру бойынша – 7,8 млрд. теңге (өткен жылғы ұқсас күнімен салыстырғанда 3,4 есеге өсуі) болды.

Қазіргі уақытта сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесінде 27 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қатысады.

Негізгі көрсеткіштер



Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары



Қазанда сақтандыру нарығының қызметін реттейтін заңнама бұзушылығын болдырмау мақсатында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының атына 1 жазбаша ұйғарым және 4 жазбаша міндеттеме жіберілді.

2011 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 2 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы («Алтын Полис» СК» АҚ және «Premier Сақтандыру» АҚ) мәжбүрлеп тарату барысында, 1 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ерікті тарату барысында («Темір Ат» СК» АҚ).

ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІ

2011 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша республикада 11 жинақтаушы зейнетақы қоры жұмыс істейді, олардың республика өңірлерінде 79 филиалы және 51 өкілдігі бар.

Зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға лицензия 12 жинақтаушы зейнетақы қорында бар және барлық 12 қорда зейнетақы активтерін дербес басқаруға лицензиясы бар. Қыркүйек айында жинақтаушы зейнетақы қорларына зейнетақы жарналарын тартуға және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға, сондай-ақ зейнетақы активтерін дербес басқаруға лицензия берілген жоқ.

2011 жылғы 1 қарашада міндетті зейнетақы жарналары бойынша шоттарының саны жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 2 576,8 млрд. теңгемен 8 169 242 болды. Ағымдағы жылғы қаңтар-қазанда міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың шоттарының саны 179 460 бірлікке (2,2%) ұлғайды, жинақталған зейнетақы қаражаты 324,2 млрд. теңгеге (14,4%) ұлғайды.

2011 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттарының саны жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 1,2 млрд. теңгемен 38 324 болды. Жылдың басынан ерікті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың шоттарының саны 1 210 бірлікке (3,1%) азайды.

2011 жылғы 1 қарашада ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттарының саны жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 112,4 млн. теңгемен 4 093 шот болды.

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы қаңтар-қазанда 324,4 млрд. теңгеге (14,4%) ұлғайып, 2011 жылғы 1 қарашада 2 582,6 млрд. теңге болды.

Зейнетақы жарналарының жалпы түсімі қаңтар-қазанда 328,0 млрд. теңгені құрады.

Салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарына бөлінген, зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен «таза» инвестициялық кіріс сомасы (комиссиялық сыйлықақыларды шегергенде) қаңтар-қазанда 7,8 млрд. теңгеге азайып, 2011 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 563,6 млрд. теңге болды.

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаттарының жалпы сомасындағы «таза» инвестициялық кірістің үлесі 2011 жылғы 1 қарашада 21,8%-ды құрады.

2011 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларынан сақтандыру ұйымдарына зейнетақы төлемдері мен аударымдары 219,8 млрд. теңге болды.

2011 жылғы қаңтар-қарашада қорлар алушыларға жалпы сомасы 57,5 млрд. теңгеде зейнетақы төлемдерін жүзеге асырды. Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аударым жасау 2011 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 1 1305,9 млрд. теңгені құрады.

2011 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері бойынша орташа алынған номиналды кіріс коэффициенттері мыналарды құрады:

- 5 жылдық кезеңде (2006 жылғы қазан – 2011 жылғы қазан) – 31,26% (ұқсас кезеңде жинақталған инфляция деңгейі – 61,01%). Түзетілген орташа алынған номиналды кіріс коэффициенті – 31,00%;

- 3 жылдық кезеңде (2008 жылғы қазан – 2011 жылғы қазан) – 21,92% (ұқсас кезеңде жинақталған инфляция деңгейі – 22,61%);

- 12 айда (2010 жылғы қазан – 2011 жылғы қазан) – 3,22% (ұқсас кезеңде жинақталған инфляция деңгейі – 8,00%).

Зейнетақы жарналарының, "таза" инвестициялық кірістің жинақталған зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы



2011 жылғы 1 қарашада бағалы қағаздар шығарылымы бойынша эмитенттері дефолтқа жол берген бағалы қағаздардың үлесі зейнетақы активтерінің жалпы көлемінен 0,7% болды, бұл абсолюттік мәнінде 17,2 млрд.теңге болды.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының жекелеген нормаларын орындамағаны үшін жинақтаушы зейнетақы қорларына қатысты 2 міндеттеме хат талап етілді.

2011 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша соттың шешімі бойынша мәжбүрлеп тарату процесінде 1 жинақтаушы зейнетақы қоры тұр («Қорғау» ЖЗҚ» АҚ). 2011 жылғы қазанда «Валют-Транзит ЖЗ Қор» АҚ мәжбүрлеп тарату процесі аяқталды (Әділет органдарының 2011 жылғы 14 қазандағы № 3-8/2292 таратуды мемлекеттік тіркеу туралы бұйрығы).

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ

Корпоративті бағалы қағаздар нарығында қолданыстағы шығарылымы бар акционерлік қоғамдар саны 2011 жылғы 1 қарашада 2 157 қоғам болды. Сондай-ақ, нарықта 73 брокер-дилер, 10 тіркеуші, 10 кастодиан банк, 14 зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым (ЗАИБЖАҰ), 34 инвестициялық портфельді басқарушы және 3 трансфер-агент жұмыс істейді.

Қыркүйекте 73 акция шығарылымы (проспектілеріне өзгерістер енгізілген және мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі ауыстырылған акциялар шығарылымын есепке алғанда) тіркелді.


Есепті айдың ішінде облигациялардың шығарылымы тіркелмеген. Қазанда жалпы номиналды құны 0,4 млрд.теңге құнымен 1 облигация шығарылымы өтелді. Жалпы қолданыстағы облигациялық бағдарламалардың саны 2011 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша жалпы номиналды құны бұрынғыдай 4 239,3 млрд.теңгемен 77 шығарылым болды

2011 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша айналыста 360 қолданыстағы мемлекеттік емес облигациялардың шығарылымдары болды, олардың жиынтық номиналды құны 5 195,3 млрд. теңгені құрады.

Бағалы қағаздар нарығында жұмыс істейтін инвестициялық пай қорларының саны 2011 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 152 (116 – жабық, 12 – ашық және 24 – аралық) болды. Сондай-ақ, есепті күнге нарықта 32 акционерлік инвестициялық қор қызмет атқаруда.

2011 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша KASE ресми тізіміне енгізілген ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздар шығарылымдарының саны: «Борыштық бағалы қағаздар» секторы бойынша – 221 шығарылым, «Акциялар» секторы бойынша – 90 шығарылым және «Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары» секторы бойынша – 2 шығарылым.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының жекелеген нормаларын орындамағаны үшін бағалы қағаздар эмитенттеріне қатысты 1 жазбаша ұйғарым жіберілді және 1 хат міндеттеме талап етілді.



БАНК ОПЕРАЦИЯЛАРЫНЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН ТҮРЛЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ҰЙЫМДАР СЕКТОРЫ

2011 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша республиканың қаржы нарығында банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензиялары бар 4 ипотекалық ұйым және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын 10 ұйым жұмыс істейді.


2011 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық активтерінің сомасы қыркүйекте 5,5 млрд. теңгеге немесе 5,1%-ға азайып, 102,3 млрд. теңге болды.

Жиынтық міндеттемелер 2011 жылғы 1 қазандағы деректермен салыстырғанда 5,5 млрд. теңгеге немесе 6,4%-ға азайып, 79,8 млрд. теңгені құрады. Ипотекалық ұйымдардың баланс бойынша меншікті капиталы 22,5 млрд. теңге болды.


Есепті күнге ипотекалық ұйымдардың жиынтық несиелік портфелі 60,6 млрд. теңге болды, бұл ағымдағы жылдың 1 қазандағы көрсеткіштен 60,6 млрд. теңгеге деңгейде қалды.

Ипотекалық ұйымдардың кредиттік портфелінің құрылымында 2011 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша стандартты кредиттердің үлесі - 89,9%, күмәнділер үлесі - 7,8%, үмітсіздер үлесі – 2,3% болды. (2011 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша стандартты кредиттердің үлесі – 89,4%, күмәнділер үлесі – 8,3%, үмітсіздер үлесі – 2,3% болған).

Қаржылық көрсеткіштер



Несие портфелі



ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУ

2011 жылғы қазанда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетіне (бұдан әрі – Комитет) жеке және заңды тұлғалардан 303 өтініш келіп түсті, оның ішінде: электронды адреске келіп түскен 18 өтініш, факсимильді байланыс арқылы 4 өтініш және, жеке тұлғалардың 28 өтініштен тұратын 1 ұжымдық өтінішті қоса алғанда 281 жазбаша өтініш келіп түсті.

Сонымен, 2011 жылғы қазанда Комитетке келіп түскен өтініштердің жалпы саны **330** құрады.

Келіп түскен **303** өтініштің:

– **197** өтініш – екінші деңгейдегі банктердің (бұдан әрі – банктер) қызметіне қатысты (жалпы санының 65,01%), оның 186 қаралған өтініштің (өткен кезеңдерде келіп түскен 129 өтініштерді қосқанда) - 4 негізделген (қаралған өтініштердің жалпы санының 2,15%);

– **14** өтініш – банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметіне қатысты (жалпы санының 4,62%), оның 16 қаралған өтініштің (өткен кезеңдерде келіп түскен 6 өтінішті қосқанда) - 0 негізделген;

– **17** өтініш – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметіне қатысты (жалпы санының 5,61%), 21 қаралған өтініштің (өткен кезеңдерде келіп түскен 18 өтінішті қосқанда) - 1 негізделген (қаралған өтініштердің жалпы санының 4,76%);

– **6** өтініш бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің қызметіне қатысты (жалпы санының 1,98%), 2 қаралған өтініштің - 0 негізделген;

– **26** өтініш жинақтаушы зейнетақы қорларының (бұдан әрі - ЖЗҚ) қызметіне қатысты (жалпы санының 8,58%), 27 қаралған өтініштің (өткен кезеңдерде келіп түскен 18 өтінішті қосқанда) - 1 негізделген (қаралған өтініштердің жалпы санының 1,70%);

– **41** жеке және заңды тұлғалардың (оның ішінде қаржы ұйымдарының) Қазақстан Республикасының заңнама нормалары бойынша және Комитеттің құзыретіне кіретін өзге де мәселелер бойынша түсіндірмелер беру туралы (жалпы санының 13,53%);

– **2** Комитеттің құзыретіне кірмейтін мәселелер бойынша өтініштер (жалпы санының 0,67%).

Төменде 2011 жылғы қазанда банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарының, сақтандыру нарығында қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың, ЖЗҚ, бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың, акционерлік қоғамдардың бөлігіндегі өтініштер және өтініштердің жалпы көлеміндегі олардың үлес салмағы жөнінде мәліметтер келтірілген:

1-кесте

№	Қаржы нарығының субъектілері (қаржы ұйымдары, акционерлік қоғамдар)	Есепті кезеңде			
		Келіп түскен өтініштер		Қаралуы аяқталған	Есепті кезеңнің соңында қарау үстінде
		Саны	Қаржы нарығының тиісті секторындағы келіп түскен өтініштердің үлес салмағы, %	Саны**	
Банки второго уровня					
1	«Альянс Банк» АҚ	40	20,30	8	32
2	«Темірбанк» АҚ	40	20,30	9	31
3	«Казкоммерцбанк» АҚ	30	15,23	9	21

4	«БТА Банк» АҚ	15	7,61	5	10
5	«АТФ Банк» АҚ	12	6,09	4	8
6	«Банк ЦентрКредит» АҚ	12	6,09	4	8
7	«Kaspi Bank» АҚ	11	5,58	5	6
8	«Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ	10	5,08	1	9
9	«Хоум Кредит Банк» АҚ	6	3,04	1	5
10	«Цеснабанк» АҚ	5	2,53	3	2
11	«Валют-Транзит Банк» (таратылатын банк) АҚ	3	1,52	3	0
12	«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банк» АҚ	2	1,02	0	2
13	«Банк Позитив Қазақстан (Б.М. Апоалим Банкінің еншілес банкі)» АҚ	2	1,02	0	2
14	«Наурыз Банк Қазақстан» (таратылатын банк) АҚ	2	1,02	2	0
15	«Игілік Банк» (таратылатын банк) ААҚ	2	1,02	2	0
16	«AsiaCredit Bank» АҚ	1	0,51	0	1
17	«Нұрбанк» АҚ	1	0,51	0	1
18	«Метрокомбанк» АҚ	1	0,51	0	1
19	«Еуразиялық банк» АҚ	1	0,51	1	0
20	ҚР Президентінің Әкімшілігі жіберген 28 өтініш берушінің ұжымдық өтініші	1	0,51	0	1
	Жиынтығы:	197	100 65,01*	57	140
Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар					
1	«БТА Ипотека» «БТА Банк» ЕИҰ АҚ (лицензия ерікті қайтарылды)	12	85,72	9	3
2	«Астана-финанс» ипотекалық ұйымы АҚ	1	7,14	1	0
3	"Аграрлық кредиттік корпорация" АҚ	1	7,14	0	1
	Жиынтығы:	14	100 4,62*	10	4
Сақтандыру нарығы					
1	«Казкоммерц Полис» СК» АҚ	3	17,65	0	3
2	«НОМАД Иншуранс» СК» АҚ	3	17,65	0	3
3	«БТА Сақтандыру» СК» АҚ	2	11,78	1	1
4	«Аманат Иншуранс» СК» АҚ	1	5,88	1	0
5	«Альянс Полис» СК» АҚ	1	5,88	0	1
6	«АСКО» СК» АҚ	1	5,88	0	1
7	«Лондон-Алматы» СК» АҚ	1	5,88	0	1
8	«Казахинстрах» СК» АҚ	1	5,88	0	1
9	«Пана Иншуранс» СК» АҚ	1	5,88	0	1
10	«Транс Ойл» СК» АҚ	1	5,88	0	1
11	«Казкоммерц -Life» АҚ («Казкоммерцбанк» АҚ ЕҰ)	1	5,88	0	1
12	«Валют-Транзит Полис» СК» АҚ	1	5,88	1	0
	Жиынтығы:	17	100 5,61*	3	14
Бағалы қағаздар нарығы					
1	«Ремстройтехника» АҚ	2	33,32	1	1
2	«Azimuth Energy Services» АҚ	1	16,67	0	1
3	«НИПИ Мұнайгаз» АҚ	1	16,67	1	0
4	«Қазақмыс ПЛС» АҚ	1	16,67	0	1
5	«Казхром» Трансұлттық компания» АҚ	1	16,67	0	1
	Жиынтығы:	6	100 1,98*	2	4
Жинақтаушы зейнетақы жүйесі					

1	«ҰларҮміт» ЖЗҚ» АҚ	7	26,92	3	4
2	«МұнайГаз – Дем» ЖЗҚ» АҚ	4	15,38	4	0
3	«МЖЗҚ» ЖЗҚ» АҚ	3	11,54	0	3
4	«БТА Қазақстан» ЖЗҚ» АҚ «БТА Банк» АҚ ЕҰ («ҰларҮміт» ЖЗҚ» АҚ қосылу арқылы қайта құрылды)	3	11,54	0	3
5	«Қазақстан Халық Банкінің ЖЗҚ» АҚ	2	7,69	1	1
6	«Атамекен» ЖЗҚ» АҚ	2	7,69	0	2
7	«ОТАН» ЖЗҚ» АҚ	2	7,69	1	1
8	«ГРАНТУМ» ЖЗҚ» АҚ	1	3,85	0	1
9	«Аманат Қазақстан» ЖЗҚ» АҚ	1	3,85	0	1
10	«Астана» ЖЗҚ» АҚ	1	3,85	0	1
	Жиынтығы:	26	100	9	17
			8,58*		
	ЖИЫНТЫҒЫ:	260	85,80**	81	179

*- өтініштің жалпы санындағы сектордың үлес салмағы

** - барлық өтініштер негізделген болып табылмайды

Банк секторы

2011 жылғы қазанда Комитетке банк қызметінің мәселесі **197** өтініш келіп түсті.

Мынадай мәселелер халық үшін өзекті болып қалуда:

- заемдарды өтеу бойынша мерзімін ұзарту мүмкіндігін беру, ипотекалық заемдар бойынша сыйақы ставкасын азайту жағына қарай қайта қарау және заемдар бойынша өсімпұлды алып тастау арқылы заемдарды қайта құрылымдау;
- заемдар бойынша борыштарды кешіру, оның ішінде мемлекеттік көмек көрсетуді қоса;
- заем бойынша сыйақы ставкаларын көтеру;
- кепілге салынған мүлікті сотпен/соттан тыс сату;
- заем бойынша ай сайынғы төлемді, есептелген өсімпұлды, сыйақы мөлшерін және есептелген өсімпұлды есептеудің дұрыстығын тексеру;
- салымдарды қайтару;
- пластикалық карталармен операциялар жасау.

Жеке және заңды тұлғалардың барлық жоғарыда аталған және өзге де сұратулары бойынша тиісті түсіндірмелер берілді.

«Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабын, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 322- бабын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 30 қыркүйектегі № 359 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктерде тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің болуына қойылатын талаптар жөніндегі Нұсқаулықтың бұзылуына Соттың екі жеке анықтамаларын орындау мақсатында «Темірбанк» АҚ қатысты екі жазбаша ескерту шығару түрінде шектеулі ықпал ету шаралары қолданылды.

Есепті кезеңде жеке тұлғалардың өтініштерін қарау нәтижесі бойынша Комитет мыналардың қызметтерінде бұзушылықтарды анықтады:

- «**Альянс Банк**» АҚ «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының банктік құпияға жататын мәліметтерді үшінші тұлғаларға жариялау бөлігінде 50-бабының талаптары үш жағдайда бұзылған, оған байланысты қазіргі уақытта банкке қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектеулі ықпал ету шарасын қолдану туралы мәселе қаралуда;

- «**Қазақстан халық Банкі**» АҚ «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының банктік сыйақы ставкаларын ұлғайту жағына біржақты тәртіппен өзгертуге бөлігінде 39-бабының талаптарын бұзған, осыған байланысты банкке бастапқы сыйақы ставкасын қалпына келтіруге бағытталған іс-шараларды жүргізу қажеттілігі туралы хат жіберілді;

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар

2011 жылғы қазанда банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметі мәселелері бойынша Комитетке 14 өтініш келіп түсті.

Есепті айда келіп түскен өтініштер мынадай мәселелерге қатысты болды:

- заемдарды мерзімін ұзарту және ай сайынғы төлемді төмендету арқылы қайта құрылымдау;

- заемдарды қайта құрылымдау;

- кепілге салынған мүлікті сотпен/соттан тыс сату.

Жеке және заңды тұлғалардың барлық жоғарыда аталған және өзге де сұратулары бойынша тиісті түсіндірмелер берілді.

Сақтандыру нарығы

2011 жылғы қазанда сақтандыру қызметі мәселелері бойынша Комитетке 17 өтініш келіп түсті оның ішінде:

міндетті сақтандыру бойынша – 13 өтініш;

ерікті сақтандыру бойынша – 2 өтініш;

сақтандыру түрін көрсетпей – 2 өтініш.

Өтініштердің негізгі бөлігі сақтандыру ұйымдарының міндетті және ерікті сақтандыру түрлері бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асырмау, уақтылы және толық көлемде жүзеге асырмау мәселелеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы сақтандыру заңнамасының нормаларына түсініктемелер беруге қатысты болды.

Жеке және заңды тұлғалардың барлық жоғарыда аталған және өзге де сұратулары бойынша тиісті түсіндірмелер берілді.

Есепті кезеңде жеке тұлғалардың өтініштерін қарау нәтижесі бойынша Комитет «**Amanat Insurance**» СК» АҚ-ның қызметінде «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру» Қазақстан Республикасы Заңының қабылданған құжаттар туралы анықтама жасамау бөлігінде 25-бабының талаптарын бұзғаны анықталды, осыған байланысты сақтандыру компаниясына қатысты шектеулі ықпал ету шарасын қолдану туралы мәселесі қаралады.

Бағалы қағаздар нарығы

2011 жылғы қазанда бағалы қағаздар нарығы мәселелері бойынша Комитетке 6 өтініш келіп түсті.

Өтініштер қолданыстағы заңнаманың акцияларды тіркеу, айырбастау және акция құнын есептеу, сондай-ақ дивиденттерді төлемеу бөлігінде түсініктемелер алуға қатысты болды.

Жеке және заңды тұлғалардың барлық жоғарыда аталған және өзге де сұратулары бойынша тиісті түсіндірмелер берілді.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі

2011 жылғы қазанда ЖЗҚ қызметіне қатысты Комитетке 26 өтініш келіп түсті.

Есепті кезеңде қаралатын шағымдар мен өтініштердің елеулі бөлігі мынадай мәселелерге қатысты болды:

- салымшының ниетін білдірусіз не зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты жасамай жинақталған зейнетақы қаражатын аудару;

- жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аудару кезінде оның азаюы;

- жинақталған зейнетақы қаражатын төлеуден бас тарту.

Жеке және заңды тұлғалардың барлық жоғарыда аталған және өзге де сұратулары бойынша тиісті түсіндірмелер берілді.

Есепті кезеңде жеке тұлғалардың өтініштерін қарау нәтижесі бойынша Комитет «**НПФ «ҰларҮміт» АҚ-ның**» қызметінде құжаттың жалған жасалуына байланысты жинақталған зейнетақы қаражаттарын заңсыз аудару фактісін анықтады. Қазіргі уақытта Қорға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектеулі ықпал ету шарасын қолдану туралы мәселесі қаралуда.